

АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АЗИЯЛЫҚ ӘЛЕМДЕР: ГЕНДЕРЛІК ПАРАЛЛЕЛЬ

¹Г.З. Абдрасилова, ²С.Ж.Едильбаева, ³М.Ж. Спанов

АҢДАТПА

Мақаланың мақсаты – Ежелгі Грек полистеріндегі және көшпелі қоғамдардағы әйел орны мен мәртебесін салыстырмалы талдау негізінде тарихи контекстегі әйел статусы трансформацияларының панорамасын көрсету. Мақалада философия классиктерінің әйел жаратылысы мен әлеуметтік орны туралы көзқарастары талданды, гендерлік теңдік идеясының тарихи, генетикалық және әлеуметтік-мәдени бастаулары қарастырылды. Спарта мен Афинадағы әйелдердің жағдайы салыстырыла талданды. Екі түрлі полистегі екі түрлі әйел статусы - бір жағынан Платонның, екінші жағынан Аристотельдің – қос классиктің бір-біріне түбегейлі қарама-қарсы, екі түрлі шешімдеріне негіз болғаны тұжырымдалды. Мінсіз мемлекет жобасының авторы Платонның әйелдерді ерлермен тең ету жобасы талданды. Аристотельдің таптық және гендерлік құлдық туралы философиялық негіздемесіне талдау жасалды. Патриархалды антикалық мәдениеттегі неке мәселесі және гендерлік теңдік идеясының негізгі тенденциялары ашып көрсетілді.

Гендерлік теңдік идеясының тарихи-генетикалық және әлеуметтік-мәдени бастаулары ашылды. Феминистік түсініктің тарихи прогресі, антикалық мәдениеттегі гендерлік теңдік идеясының ежелгі Қазақстан мәдениетіндегі қалыпты дәстүр болу ерекшелігі мен шарттары анықталды және түйінделді.

Көшпелі қоғамдардағы әйел статусының жағдайы талданды. VI–X ғасырлардағы көшпелілер қоғамындағы нәзік жыныстылардың орны туралы тарихи жазбалардағы сипаттамалар қарастырылды. Әйел заты өзін азат сезінген көне қазақстандық және спарталық қоғамдар арасындағы ұқсастықтар нақтыланды. Тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық трансформацияларға сәйкес қазақ қоғамындағы әйел статусының өзгеру панорамасы көрсетілді. Зерттеу барысында тарихи-генетикалық, салыстырмалы талдау, герменевтикалық диалектика принциптері қолданылды.

Түйін сөздер: жыныстық шовинизм, гендерлік құлдық, гинекей, грек әйелдері, моногамия, гендер, әлеуметтік теңсіздік, әйел табиғаты, әйелдің эмансипация жобасы, платондық әлеуметтік утопия, далалық демократия, номадтық қоғамдағы әйелдік қадір-қасиет.

¹Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Абдрасилова Г.З.,
gauhar_abdrasilova@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Абдрасилова Г.З.,
Едильбаева С.Ж.,
Спанов М.Ж. Антикалық және Азиялық әлемдер: гендерлік параллель // Адам әлемі. – 2024. – №3 (101). – Б. 14-24.

Античность и Азия: гендерная параллель

Аннотация. Цель статьи – раскрытие общей панорамы статуса женщин в общеисторическом контексте, на основе сравнительного анализа положения женщин Древней Греции и номадических обществ. В статье проанализированы взгляды классиков философии о природе и социальном статусе женщин, выявлены историко-генетические и социокультурные истоки идеи гендерного равенства. Рассмотрены аргументы Платона в пользу идеи равенства женщин и способы раскрепощения их в проекте идеального государства. Дан анализ взглядов Аристотеля на классовое и гендерное рабство, раскрыта проблема брака в патри-

архальной античной культуре. Выявлены социально-культурные механизмы Спарты и Афин, послужившие основанием для двух противоположных мнений по женскому вопросу у двух классиков античности: с одной стороны, Платона, с другой – Аристотеля.

Проанализирован статус женщин номадических обществ. Детализированы наблюдения исследователей по статусу номадок в социуме VI–X веков. Выявлено, что положения женщин древнего Казахстана, так же как в Спарте определялись большей демократичностью социальных порядков, меньшей развитостью культов верований и товарно-денежных отношений, формами владения, и требованиями высокой степени консолидации свободных граждан перед лицом опасности от внешних нападений. Раскрыты общеисторические закономерности изменений статуса женщин в соответствии с историко-социальными, политико-экономическими трансформациями. В процессе исследования применены историко-генетический подход, принципы сравнительного анализа и герменевтической диалектики.

Ключевые слова: сексуальный шовинизм, гендерное рабство, гинекея, моногамия, гендер, социальное неравенство, женская природа, проект женской эмансипации, социальная утопия Платона, женское достоинство, степная демократия, женское достоинство в кочевом обществе.

Antique and Asia: Gender Parallel

Abstract. The purpose of this article is to reveal the general panorama of the transformation of the status of women in a general historical context, based on a comparative analysis of the status of women in ancient Greece and nomadic societies. The article analyzes the views of the classics of philosophy on the nature and social status of women, reveals the historical, genetic and socio-cultural origins of the idea of gender equality. Plato's arguments in favor of the idea of women's equality and ways to emancipate them in the project of an ideal state are considered. The analysis of Aristotle's views on class and gender slavery is given, the problem of marriage in the patriarchal ancient culture is revealed. The socio-cultural mechanisms of Sparta and Athens were revealed, which served as the basis for two opposing opinions on the women's issue among two classics of antiquity: on the one hand, Plato, on the other, Aristotle.

The status of women in the ancient Turkic society is analyzed. On the basis of written materials, the observations of researchers on the status of the fairer sex in the society of nomads of the 6th–10th centuries are detailed. It was revealed that the position of women in ancient Kazakhstan, as well as in Sparta, was determined by the greater democratic nature of social orders, the less developed cults of beliefs and commodity-money relations, forms of ownership, and the requirements for a high degree of consolidation of free citizens in the face of danger from external attacks. The general historical panorama of changes in the status of a woman in Kazakh society is revealed in accordance with historical, social, political and economic transformations. In the process of research, the historical-genetic approach, the principles of comparative analysis and hermeneutic dialectics were applied.

Key words: Sexual Chauvinism, Gender Slavery, Gynaecia, Monogamy, Gender, Social Inequality, Female Nature, Female Emancipation Project, Plato's Social Utopia, Female Dignity, Steppe Democracy, Female Dignity in a Nomadic Society.

Кіріспе

Әйелдің әлеуметтік мәртебесі - қоғамның прогрессивтілігінің өлшемі болып табылады. Әйелдердің экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани салаларда жүргізіліп жатқан жаңару процестеріне белсенді қатысуы – дамудың өзегі, кепілі, әрі, қоғамды демократияландыру міндеттерін табысты жүзеге асырудың маңызды шарты. Алайда бұл пікірге адамзат ұзақ ғасырлар бойғы дау-талас нәтижесінде жетті.

Ежелгі Грек полистерінде «Азат азамат, еркін азамат» мәртебесі «сайлауға қатысуға және сайланбалы қызметтерді

атқару мәртебесіне ие болу» мағынасында қолданылды. Ал «еркін азамат болмау» - сол адамдардың мемлекеттік лауазымдарға сайлану құқықтарының жоқтығын білдірді. Грек қоғамында бұл құқықтар әйелдерге қажет емес, деп саналды [1]. Грек отбасыларындағы әйелдің некедегі теңсіз жағдайы Ежелгі Грек ерлерінің гендерлік шовинизмін бейнеледі. Ежелгі Грек классиктерінің гендерлік көзқарастары Батыс Еуропа-лық ойшылдар Ф. Бэкон, Р. Декарт, Т.Мор, М. Монтень, Ф. Ницше, Э. Фромм еңбектерінде жалғасын тапқаны белгілі. Аталған мәселе XX ғасырдағы француз қайраткерлері С.де Бовуар, Ж.-П. Сартр

көзқарастарында қызу талқыланды. Әйелдік онтологиялық статустың проблематикасы, тәндік парадигмалар мәселелері Мишель Фуко мен Джудит Батлердің философияларында - билік, дискурс және бағыну концепцияларында ашылды. Марксистер әйелді қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде нақты атады. Маркс К., Энгельс Ф. әйелді биоәлеуметтік құбылыс, табиғи және әлеуметтік жағдайлардың жемісі деп есептеді. Олар әйелді өз тағдырын, өзінің әлеуметтік рөлін таңдауға құқы бар қоғамның еркін мүшесі ретінде қарастырды [2].

Қазаққа таныс «Байтал шауып бәйге алмас», «Әйелдің шашы ұзын - ақылы қысқа» деген дәстүрлі шектеулер ерте дүниедегі елдерге де тән болды. Аты аңызға айналған Гомердің «Әйелден асқан жамандық жоқ» деген қысқа пікірі ежелгі гректердің әйел затына көзқарасын айқын сипаттайды. Демократия мен өркениеттің отаны болған Ежелгі Грек полистерінде әйел болмысы, әйел заты мен ер адамның әлеуметтік теңдігі мәселесінде әйелге деген көзқарас біржақты болмады. Грек әйелдері өз күйеулерінің үйінде қорғансыз құл санатында болып, ортақ мүлікке билік ете алмайтын. Ер адам үшін әйел - зат, жиһаз, тауар ретінде қарастырылып, адами құрметке лайық деп саналмады. Ежелгі Грецияда әдемі әйелдің құны бірнеше ірі қараның құнына тең деп бағаланды. Гомерше айтқанда, «бір әйелдің құны - төрт өгіз». Әйелге деген сүйіспеншілік – уланумен тең», деді Сократ. Аристотель «... әйел дегеніміз табиғаты ұсқынсыздалған еркек» деп тұжырымдады. Эзоп «от, әйел және теңіз - үш пәле» екеніне сенімді болды.

Зерттеу әдістері

Жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде Ежелгі Грек классиктері Сократ, Платон, Аристотель, Батыс Еуропалық ойшылдары Ф. Бэкон, Р. Декарт, Т. Мор, М. Монтень, Ф. Ницше, Э. Фромм еңбектеріндегі әйел тақырыбы, XX ғасырдағы француз қайраткерлері С. де Бовуар, Э. Левинас, Ж.-П. Сартр, тәндік парадигмалар мәселелері Ж. Делёз, Мишель Фуко мен Джудит Батлердің философиялары, және отандық зерттеушілердің, т.б.

ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер: зерттеу барысында қарапайымнан-күрделіге қозғалу, әлеуметтік детерминизм, тарихилық-логикалық, эпистемологиялық принциптер, және индукция-дедукция, компаративистикалық әдістер қолданылды.

Ежелгі дүниедегі әйел мәртебесі

Ежелгі Грек философтары адам, оның өмірінің мәні, полис ішіндегі әлеуметтік мәселелер қызықтырғаны белгілі. Ал әйел тақырыбы олар үшін маңызды саналмады. Оның себебі Ежелгі Грек полистеріндегі әйел дискриминациясының қалыпты құбылыс болуында еді. Полис саясаты дискриминацияның екі түрін: құл иеленушілердің құлдарға және ерлердің әйелдерге үстемдігін қатаң ұстанды. Ежелгі Грек полистерінде «Азат азамат» мәртебесі «сайлауға қатысуға және сайланбалы қызметтерді атқару мәртебесіне ие болу» ұғымына ие еді, ал «теңсіздік» ұғымы азаматтардың мемлекеттік лауазымдарға сайлану құқықтарының жоқтығын білдірді. Грек қоғамында бұл құқықтар әйелдерге тән емес, деп саналды [3].

Құлдар табындағы әйелдер мен ерлер - екі жыныс та құқықсыз болғаны белгілі. Ал, еркін азаматтардың отбасындағы әйел теңсіздігі қалыпты жағдай болды. Еркін азаматтардың табынан шыққан әйелдер құлдар сияқты, толық тәуелділікте өмір сүріп, тіршіліктері үй шаруасымен шектелді. Үйдегі әке немесе күйеу әйелге өз меншігі ретінде билік етті. Ер адам ғана мүлік иесі бола алды. Әйелде дүние-мүлікке, ақшаға мұрагер болу құқығы тиесілі болмады. «Азат азаматтардың еркіндігі» деген ұғым «Тек қана ер адамдардың еркіндігі» деген мағынада қарастырылды. «Әйелдер еркіндігі» деген мағынада емес.

Грек әйелдерінің құлдан артықшылығы білім алу мүмкіндігінде ғана еді. Еркін болып көрінген қыздар мен әйелдер гинекейде (γυναικείον, немесе γυναικων - «әйел») - Ежелгі Грециядағы үйлердің әйелдер орналасқан жабық бөлігінде өмір сүрді. Гинекей әйелдерді ер адамдардан, әсіресе бейтаныс

адамдармен араласудан оқшаулады. Қыздар үйшілік шаруашылыққа қажетті қолөнерді: тігіншілікті, жіп иіруді, тоқымашылықты, билеу мен ән айту өнерлерін игерумен шектелді. Грек әйелі үйден күйеуінің рұқсатымен және қызметші-нөкерлерімен ғана шыға алды. Әйелдердің құдайларға ғибадат ету мерекелеріне қатысуы үйдегі бақылаудан құтылудың ең үлкен мүмкіндігі болатын. Бірақ мұнда да әйелдер назардан тыс қалмады. Олардың мерекелердегі мінез-құлқын арнайы шенеуніктер (грек тілінен аударғанда *gune* – «әйел» және *nomos* – «заң») яғни гинекологтар (әйелдер туралы заңның сақталуын қадағалаушылар) бақылауда ұстаған [4].

Ежелгі Грециядағы дәстүрлі неке түрі моногамдылық болатын. Неке міндетті саналды. Некенің мақсаты дені сау ұрпақты дүниеге әкелу болғандықтан мемлекеттік маңызы бар мәселе деп түсінілді. Ежелгі грек үшін «әйел»-«*γυνή*» сөзінің мағынасы «бала туушы» ғана еді. Үйленудің - негізгі мақсат ретінде қарастырылуы әйелді төмен жағдайға қойды. Әйел өз балаларының туылуы мен күтіміне назар аударумен қатар, жалғыз мүмкін жыныстық қатынас ретіндегі күйеуіне адал болуға міндетті еді.

Неке үш себепті бұзыла алатын. Бірінші және кең таралған түрі - күйеудің талақ айтуы (апопемпсис немесе экпемпсис). Күйеудің әйеліне жағдайды түсіндіруі талап етілмеді, қалыңмалды қайтару ғана міндеттелді. Келесісі - әйелдің отбасылық үйден өз бетімен сыртқа шығуы (аполипсис). Алайда, бұл жағдай сирек болатын, өйткені әйелдің беделіне нұқсан келетін. Үшінші себеп - қалыңдықтың әкесінің қызын кері қайтару туралы өтініші бойынша (аферез). Мақсат - тартымды қалыңмал үшін басқа адамға ұсыну. Бұл жағдай әйелде перзент жоқ жағдайда ғана мүмкін болды. Егер әйел жесір қалса, отбасылық мүліктің сақталуының кепілдігі үшін қайынжұрт жақтағы бір туысқа әмеңгерлікпен қосылуға тиіс болды. Осылайша, некелік өмірде күйеуі әйеліне еш себепсіз талақ бере алатын. Ал әйелі күйеуінің зинақорлығына төзе жүріп төтенше жағдайларда ғана талақ беруді талап ете алды [5].

Ер адамдар гетералармен жыныстық

қатынасқа түскені үшін заң бойынша да, моральдық жағынан да қудаланбады. Грек азаматтарының жарларының өз күйеулерін гетерақұшағынан жұлып алуға құқықтық мүмкіндігі болмады. Ер адамдар азғын әйелдерді өз әйелдерінен ала алмағанын еселеп толықтыратындары үшін бағалады. Сонда, еркін маһаббат кәсіпқойлары несімен тартымды болды? Қыруар табыс пен дербестік сыйлаған сұлулықпен қатар гетераларға білім, мінез және ақыл тән. Олар ер адамдармен еркін сөйлесіп, қонақтарының ойларын тыңдай алатын сабырлы әрі өнерлі болатын. Некелі жары бар грек азаматының гетерамен қоса өз күңімен де жақын қатынаста болуға моральдық құқығы бар, деп саналды [6].

Платон: жыныстық ерекшеліктердің әлеуметтік өмірге қатысы жоқ

Адамзат тарихына әйел шайпаулығының үлгісі ретінде енген Ксантиппадан кейін өзінің әйгілі «Үйлен, немесе үйленбе: әйелің жақсы болса бақытты боласың, нашар болса философқа айналасың» мәтелінде Сократ барынша позитивтілікпен мысқылдағанмен, әйел табиғаты туралы: «Үш нәрсені бақыт деуге болады: сенің жабайы хайуанат еместігіңді, сенің грек екендігіңді және сенің әйел емес, еркек екендігіңді» деп, өзін жыныстық шовинизммен жұбатады. Сократтан басталған бұл дәстүрді адам «физикасы» мәселелеріне аса құлық танытпайтын Платон жалғастырды.

Платон мемлекетте отбасылық неке құру - маңызды әлеуметтік-саяси міндет деп санады. Платон пікірінше, тұрмыстағы әйелдер мен үйленген ер адамдар құрметке лайық. Грек қоғамында некесіз немесе бойдақ өмір қатаң жазалануы тиіс: «Әр адам отыз жастан отыз бес жасқа дейін некеге тұруы тиіс және сонымен бірге адамзат өзінің табиғаты бойынша әр адамда туа біткен тілек - мәңгі өлместікке, ажалсыздыққа қатыстылығын білуі тиіс. Бейітіңіздің иесіз, ессіз қалмауына деген ұмтылыс сізді даңққа ұмтылуға итермелейді. Өйткені, адамзат баласы жалпы уақытпен тығыз өрнектеліп біріктірілген; ол оның соңынан қалмайды және ажырамайды. Осылайша, адамзат

баласы мәңгі өлмейді, өйткені артында балалары мен немерелерін қалдыра отырып, адамзат баласы өз ұрпағының арқасында мәңгілікке және өлместікке қатар қатысады. Осыдан өз еркімен айрылу – асқан имансыздық; әйелі мен бала-шағасының болуын ойламаған адам өзін олардан әдейі айырады. Заңға бағынғандар жазаланбайды. Отыз беске дейін үйленбеген, некеге мойынсұнбаған адамға бойдақшылық жеңілдік пен пайда әкелетіндей көрінбеуі үшін жыл сайын белгілі соманы жаза ретінде төлеуі тиіс. Жасы кішілердің ақсақалдарға көрсететін құрметінен оған үлес болмайды [7].

Софистер құлдықтың әділетсіздігін жариялау арқылы танымал болды. Олар құлдыққа айналдыру әскери зорлықтың нәтижесі екенін алғаш болып тұжырымдады. Әділетсіздік мәселесінде «Сатулы сөз» мамандары философияға «табиғат» пен «заңның» қайшы келуі тақырыбын енгізді. Табиғатта бар құбылыс - әділетті, алайда ол заң бойынша – әділетсіз екенін түсіндірген софист Алкидамант табиғат ешкімді құл етіп жаратпағанын, құлдықтың – әділетсіз, өйткені табиғи емес, тек заң түрінде ғана бар құбылыс екенін жариялады [8].

Әйелдер теңсіздігі - әділетсіздік екені туралы бірінші болып Платон айтты. Платон өмір сүрген дәуірде әйел өзінің жіп иретін ұршығын тастап, гинекея табалдырығынан аттап сыртқа шыға алатын күйге жеткен болатын. Заңды құқықтары болмаса да, әйел өзін тұлға ретінде сезініп үлгерген еді. Платон антикалық қоғамдағы әйелдерге деген көзқарасты әділетсіз деп санады. Алайда, әйелдердің теңсіздігі күшпен орнатылғанын ашып айтпады. Платон пікірінше, әйелдердің теңсіздігі - әйел табиғатынан туындамайды. Әйел теңсіздігі туралы пікір - әйел табиғаты туралы адасушылықтан туындайды және ондай пікір адамдар өздері орнатқан қоғамдық заңның күшімен сақталады, деп санады ол. Платон үшін әйел теңсіздігін әйел табиғатымен түсіндіру - «даулы мәселе». Платон бұл сұрақты қоя отырып әйелдер мен құлдар арасында қандай да бір ұқсастықтарды анықтауға тырыспайды. Платон әйелдің табиғаты туралы мәселені сыртқы ұқсастық әдісімен емес, тақырыптың

мәніне тікелей қатысты салыстырумен, атап айтқанда, әйел табиғатын әйелмен салыстыру шеңберінде қояды. Мысалы, дүниеде шашынан аздап айрылған таздар бар. Және, бірде-бір тал шашы жоқ таздар бар. Сол біз олардың бір-бірінен айырмашылықтары бар-жоғын анықтауымыз керек пе? Жоқ, әрине. Өйткені мұндай мәселеде адамдардың физикалық немесе рухани болмысындағы ерекшеліктерін емес, тек осы әрекет түріне қатысты нәтижелерін ескеруіміз керек. Таз болу адамның дана немесе батыл болуынан емес. Таз болу-болмау адамның (шаруаның немесе жауынгердің) өз міндетін орындауына кедергі келтірмейтін болса, әйел ағзасының ерекшеліктері, атап айтқанда, балаға жүктілік – әйелдің өз міндетін атқаруына кедергі келтіре ме? дейді Платон. Осылайша Платон физиологиялық ерекшеліктердің әлеуметтік өмірге мүлдем қатысы жоқ екенін көрсетті. Платон пікірінше, әйел де, ер адам сияқты, құқықтар мен міндеттерге ие. Сондықтан Платон әйелдердің поэзиядан, музыка, гимнастика, математикадан хабардар болғанын қалады. Анатомиялық-физиологиялық айырмашылықтарына қарай ерлер мен әйелдердің әрқайсысының міндеттері мен құқықтары түрліше болғанмен барлығының әрекеттері қоғамдық игілікке бағытталуы тиіс екенін тұжырымдады «мінсіз мемлекет» жобасының авторы. Платон әйелдің табиғаты туралы мәселені шешуде әйел затының табиғи жаратылысын емес, қоғамдағы орнын анықтау керек екенін, әйелдің ерлердікімен салыстырғандағы тәндік айырмашылықтарын емес, ойлау және іскерлік қабілеттері бойынша салыстыру қажеттігін тарихта бірінші болып айтты: «Бірдей табиғи қасиеттер екі түрлі жыныстағы тірі тіршілік иелерінде де кездеседі, табиғатынан әйел де, ерлер те барлық істерге қатыса алады, бірақ әйел жаратылысы бойынша ерлерден әлсіз» болғанмен, «әйелдер іскерлік міндеттерін орындау жағынан ерлерден әлдеқайда жақсырақ» екенін нақты айтты. Платон өзінің мінсіз мемлекет жобасында «Әйелдер өз қабілеттерін ерлердікімен тең болатындай немесе тіпті асып түсетіндей дамыта ала-

ды, әйелдер ерлер сияқты музыкалық өнерді, гимнастика мен әскери істерді оқып, бірдей білім ала алады, сондықтан олар өз қабілеттеріне сәйкес идеалды мемлекеттің кез келген деңгейлерінде - билеушілік (философтық) кәсіппен де айналыса алады» деген болжамға жақын келді [9].

Ерлердікі саналатын салалармен айналысу әйел табиғатына қайшы келмейтінін дәлелдеу үшін ол болашақта әйелдердің «ерлер» кәсібімен айналысу мүмкіндігіне қатысты: «Бұл біздің (әйелдер туралы) ережелердің орындалмайтын негізсіз тілектер дегенді білдірмейді, өйткені біз (әйелдер) табиғатына сәйкес заң бекіттік. Керісінше, біздің заманымызда табиғатқа қайшы келетін құбылыстар байқалады». Әділет ұғымын Платон әрбір адамға «өзін-өзі жасау» мүмкіндігі ретінде түсіндірді.

Аристотель: әйелдер, құлдар сияқты, қожайынға бағыну үшін жаралған

Аристотель өзінің «Саясат» трактатында әйел құқықсыздығын - құлдардың құқықтарының жоқтығын негіздеумен байланыстыра отырып ақтауға тырысты. Платонның идеясына қарсы пікір ретінде Платонның ұстазы Сократтың «Спарта мемлекетінің құлау себебі спартандық әйелдердің құқықтарының шамадан тыс көп болуына, асқан еркіндігіне байланысты болды» деген сөздерін келтіре отырып негіздейді. Спартада илот-құлдардың жүріс-тұрысын бақылау мәселесінің өз деңгейінде оңтайлы шешілмеуі нәтижесінде көтерілістердің жиіленуі сияқты әйелдердің орны мен тәртібі де толық қадағаланбады деп түсіндіреді. «Аты аңызға айналған Спарта заңгері Ликург ерлерге арналған заңдарды негіздей отырып әйелдердің наразылығына тап болып, әйел табиғатын ауыздықтауға арналған заңдар шығара алмапты. Нәтижесінде Спарта әйелдері сән-салтанатқа шомылып, өздерін шектен шыға еркін де дарақы ұстапты. Ең сорақысы, өздерінің арбауына түскен ерлер арқылы олар мемлекеттік істерді шешуге араласа бастады. Әйелдердің өз табиғи міндеттеріне енжар қарап алшақтауының нәтижесінде Спарта халқының саны азайып, әскери

қуатын жоғалтты. Осы жағдай Спартаның толық құлдырауына әкелді», деген Сократтың пікірін уәж ретінде келтіреді Аристотель [10].

Аристотель спартандық әйелдердің мінез-құлқын мысалға келтіргенмен, әйел табиғатының Платон түсіндірмесімен тікелей дауласуға тырыспайды. Жыныс табиғаты, әйел табиғаты туралы өз көзқарасын биологиялық тұрғыда талдап болып әлеуметтік қырынан қарастыруға көшеді. Бұл жолы Аристотель әйел болмысын құлдың табиғатымен салыстырады. Қорытындысы – әйелдер, құлдар сияқты, қожайынға бағыну үшін жаралған. Әйел - табиғатынан еркектің құлы. «Адамның құл болғаны әділдік пе?» деген сұраққа жауап беру оңай, - дейді Аристотель. Өйткені «билік және бағыну қажет қана емес, сонымен бірге пайдалы. Жаратылыстар туылғаннан әртүрлі болады [олардың кейбіреулері бағыну үшін жаратылғаны сияқты], басқалары билеу үшін».

Спартада да Ежелгі Грецияның полистеріндегі сияқты ресми саясаткерлер мен билеушілер әйелдер емес, ерлер болды. Жеке әйелдердің сахна сыртындағы саяси ықпалы істің мәнін еш өзгерте алмайтын. Спартаның құлдырауына спарталық әйелдердің азғындауы емес, бүкіл Грецияға ортақ себептер – ең алдымен Грек полистерінің әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесінің олигархиялық түрге көшіп азғындауы, қақтығыстары және озық мемлекет құруға қабілетсіздігі болды. IV ғасырдың соңында Спарта мен Афина ғана емес, басқа да грек полистері құлдырауға ұшырап, бүкіл Греция Македония монархиясының қол астына өтті. Әйел табиғаты туралы мәселеде Аристотель метафизикалық негіз ретінде жаратылыс бастаулары туралы жыныс теориясын келтіреді [11]. Ер адам - қозғалыспен пайда болу бастауын - мақсатты себеп пен форманы бейнелейді, ал әйел - материяны, пассивті материалдық принцип. «Әйел жынысы өздігінен тумайды, өйткені оған коммуникациялық қозғалыс пен анықтаушы бастама қажет». Аталық бастама, Аристотельдің көзқарасы бойынша, ұрыққа субстанция емес, таза форма мен қозғалыс береді. Ұрықтың тууы мен өсуіне әйел жынысының үлесі тек субстанция беруінде, форма мен қозғалысты

емес. Демек, аталық ұрық - әйелдің емес, тек ерлердің жаратушылық әрекетінің нәтижесі, деген қорытынды шығады. Содан соң, Ерлердің денесі әйелдерге қарағанда жылы болады, өйткені аталық бастама қозғалғыш. Қозғалғыштығына байланысты ерлердің ұрықтары жиі зақымдалатыны рас. Екіншіден, аналық ұрықтың салқындығы мен қозғалысының баяулығы теріс әсер береді. «.. ананың құрсағындағы әйел жынысты сәбидің ұрығы ер баланың ұрығына қарағанда ұзағырақ бөлінеді, ал туылғаннан кейін әйелдер ерлерге қарағанда барлық кезеңдерін: жетілу, гүлдену мен кәрілікті ерте аяқтайды, өйткені олар табиғатынан әлсіз және суық, демек әйелге тән қасиеттер табиғи кемшіліктің бір түрі ретінде қарастырылуы тиіс» дейді Аристотель. Шындығында, Грек полистеріндегі әйелдер өмірінің қысқа болуына тұрмыс жағдайларының нашарлығы себеп болды, деуге толық негіз бар. Ал Аристотельдің басына өзі «жыныстар табиғаты» деп атап отырған құбылыстың әлеуметтік жағдайларға тәуелді болуы мүмкін екендігі туралы ой келмеді. Аристотель дүниеге сәби әкелу мәселесінде «әйелдер ер адамның ұрпағына жан беруде материал рөлін атқарады» деп тұжырымдады. Аристотель пікірінше, әйел адам өсуге және қозғалуға қабілетті, белгілі дәрежеде рационалдыққа ие. Алайда әйел рационалдығының қуаты жоқ. Әйелде сәбиге жан беретін элемент – энтелехия жоқ, сондықтан әйел – жаңа өмірді бағып-қағатын ыдыс-қорап, сәбидің жарық дүниеге шығар жолындағы аялдамасы ғана.

Аристотельше, жан, рух – белсенді бастама. Жаңа өмірді ерлік, аталық рух қана туындатады. Әйел бойында материалдылықтың басым болуы сәбидің адамгершілік жетілуіне басты кедергі. Ұрпағының жағымды қасиеттерге ие болуына әйел адамның ықпалы жоқ. Екі жынысқа бөліну, әсем мен құдіреттінің - олай еместерден жақсырақ екендігінен, ал жақсылар нашардан ажырауға тиістілігінен туды, деп санады грек энциклопедисі. Ақылға қонымды негіз бен форманы қамтитын Бастапқы қозғаушы Себеп өзінің табиғаты бойынша материядан озық және құдіретті болғандықтан,

жоғарының төменгіден ажырап, бөлініп шығуы қисынды. Тірі тіршіліктің тууы барысында аталық аналықтан бөлінеді. Өйткені озық да құдіретті - қозғалыстың бастамасы. Қозғалыс – аталық, ал материя - әйелдік бастама. Аталық принцип ұрпақ келтіру мақсатында аналық бастамамен бірігіп араласады, өйткені бұл мәселе екеуіне де ортақ».

Жан тәнге үстемдік етеді, ақыл сезімді билейді - бұл адамға пайдалы және қажет. «Ерлерге қатысты әйел де солай: біріншісінің болмысы жоғары, екіншісі төмен, біріншісі билеуші, екіншісі бағынышты». «..Кейбір адамдар табиғатынан азат, басқалары құл болып табылатыны анық және солай болу олар үшін пайдалы да әділетті». Құл да, әйел де «жанды құрал» ретінде қожайынға, ер адамға тиесілі. Құрал ретінде әйелдің құлдан айырмашылығы - оның «табиғатының жасампаздығы», яғни ұрпақ келтіруі. Ал құл түрлі табиғи емес заттарды жасайды. Аристотель үшін әйелдің міндеті құлдықінен маңызды, өйткені бір ғана нәрсені орындау көпфункционалық міндеттен әлдеқайда сапалы нәтиже береді. Әйелдің басты мақсаты, оның пікірінше, тек үй шаруасымен қатарласа жүруі мүмкін, бірақ ер адамның қатаң бақылауында болу.

Аристотель, табиғаты құлдыққа алдын ала бейімделгендер туралы жалпы қабылданған және теориялық негізделген көзқарасқа қосымша, балама көзқарасты да құптады. Ол бойынша, «қожайынның құлға билік етуі - табиғи емес; заң бойынша біреуі құл, екіншісі еркін, ал табиғаты бойынша ешқандай айырмашылық жоқ». Өйткені, адамдар зорлық-зомбылыққа, құлдық жағдайға әскери әрекеттердің нәтижесінде тап болады. Осы екінші көзқарастан туатын түйін: қожайынның құлға билігі - зорлық-зомбылыққа негізделгендіктен - әділетсіз. Аристотель зорлық-зомбылық - құлдықтың бастауы екенін және бүгін қожайын болған адамның ертең құл болып шығуы мүмкін екенін ескертеді. Сонда, табиғаты бойынша құл мен заң бойынша құлды қалай ажыратуға болады? деген сұрақ туындайды. Аристотель, құлдар - табиғаты бойынша варварлар екенін, ал эллиндер құлдық жағдайға тек күшпен түсетінін тұжырымдады. Бұл – со-

фистерден жеткен идея, әрі, гректердің этноцентрлік көзқарасына сәйкес келетін пікір еді.

«Мемлекет» трактатында: «Неке мен отбасылық одақты құрудың және мемлекетті сақтаудың ең жақсы және жалғыз мүмкін жолы - әйелдер мен балалар барша ерлерге ортақ болғанда қамтамасыз етіледі» деген Платонның пікірінше, некелік қатынастар өзара сүйіспеншілікті негізге алу арқылы табиғи түрде құрылады. Бұл жерде Платонның ер мен әйелдің өзара тартымдылығын берік байланыс ретінде, неке мен отбасы одағының қажетті негізі деп санауы аса маңызды. Платон пікірінше, жыныстық махаббат - сүйіспеншіліктің ең жоғары сапасы, ол бірегей және алмастырылмайды, әркім өз «жартысын» тапқанда ғана толық адамға айналады. «Мереке» диалогында комедиант Аристофанның (б.з.д. 444-387/380) атынан айтылатын аңызда ерте замандарда андрогиндер тіршілік еткенін, Зевс андрогиндерді екіге - ерлер пен әйелдерге бөлгеннен кейін оның әрқайсысы өз «жартысын» іздеумен әуре болып кеткені туралы аңыз баяндалады [12].

Әйгілі зерттеуші А.Ф. Лосевтің Платонның шығармашылығына берген сипаттамасы ұлы идеалистің «жыныстық мәселе» бойынша көзқарасына барынша сәйкес келеді. «Платонда догматика кем. Оның философиялық әдісі – аса өткір сын және үздіксіз жалғасатын диалектика әдісі» - деген болатын А. Ф. Лосев. Шынында да, бұл сөздер Платондық философиядағы жыныс концепциясын ұғынуға басты бағдар бола алады [13].

Көшпелі дүниедегі әйел орны

Антикалық өркениетпен қатарлас дамыған көшпелілер әлемі элладалықтар үшін ертеден-ақ терра инкогнито болуымен тартымды да үрейлі әсер тудыратын. «Скифия» туралы алғашқы еңбектер ежелгі дәуірде пайда болды. [14]. Антикалық тарихшылар көшпелілерді «Құдайдың қасіреті», жойылу мен өлім әкелетін варварлар ретінде сипаттап, Дала өркениетінің бейнесін кентавр (жартылай адам, жартылай ат) және әйгілі Аттила түрінде елестетіп «Құдайдың қасіреті», жойылу мен өлім әкелетін варварлар деп

санады. Данте Аттиланы өзінің «Құдіретті комедиясындағы» (1321) кейіпкерлердің біріне айналдырып, оны «жердің қасіреті» деп атады. Ал XVII ғасырда өмір сүрген француз ақыны және драматургі, француз трагедиясының атасы саналатын Пьер Корнейль «Аттила» пьесасын жазды, оны Мольер труппасы 1667 жылы сахнада қойды. Неміс тарихшысы, тарихи романдардың авторы Феликс Дан да 1888 жылы өзінің «Аттила» атты тарихи романын жазды. Көшпелілерді басқаруға көнбейтін дүлей күш түрінде сипаттағандар қатарына Геца Гардони, Евгений Замятин, Луи де Вол, Соловьев Анатолий, Бувье-Ажан М., Дитрих Уильям, Michael, Christopher Kelly, Геннадий Левицкий, т.б. жатқызуға болады. Олардың туындылары қазіргі зерттеушілер үшін маңызды дерек көздері болып табылады.

Дэвид Энтони өзінің «Жылқы, доңғалақ және тіл» атты монографиясында Дон мен Еділдің төменгі жағындағы скиф-сарматтардың әскери қорымдарындағы мүрделердің 20%-ы ерлер сияқты әскери киім киінген әйелдер болғанын айта келіп бұл құбылыс ертедегі гректердің амазонкалар туралы мифтерге дем берген болуы мүмкін, деген болжам жасайды. Шамасы, көрсетілген аймақтағы скифтерде ерлерге тән саналатын жетекші рөлдерді әйелдерге беру дәстүрі кең тараған болса керек [15, с. 329].

Ерлер қауымының сүйікті ермегі саналған соғыстар аңызға айналған амазонкаларға да тән болғаны Эдуард де ля Барра Дюпарктың «Әйелдердің әскери тарихы» кітабында баяндалған [16]. Спарта арулары сияқты, Қазақстан және Азия аумағындағы Ұлы Даланы мекендеген халықтардағы әйелдер қауымы отбасылық берекенің ұйытқысы-сақтаушысы ғана емес, жауынгерлері де болды. Бұған дәлел - Плато Карпинидің «Моңғол тарихындағы»: «Қыздары мен әйелдері де ерлер сияқты атқа асқан ептілікпен мінеді. Сондай-ақ, олардың иілген садақтарды қалай көтергенін көрдік. Ерлерімен қатар әйелдері атқа асқан шеберлікпен мінеді және ұзақ шабады» деген жолдары куә [17].

Орыс патшасына бодан болған қаралы XVIII ғасырдан бастап ұлттық болмысын жоғалтқан Қазақ Хандық дәуірі әйелінің

көшпелі қоғамдағы орны құрметті де маңызды болды. Бұл туралы қазақ ақын-жыраулар шығармашылығынан және нақыл сөздерінен түсінік аламыз. Қазақы ортада отбасылық мүдденің жоғары тұруы әйелдердің қоғамдық-әлеуметтік белсенділігіне кедергі болған жоқ: өнер саласында атағы жалпақ жұртқа жайылған белгілі әншілер, ақындар, майталман күйшілер болды. Тарихта болған Болған ана, Домалақ ана, Дарабоз ана, Қарқабат ана, Қызай ана, Найман ана, Ұлпан аналар - рулы елдің бүтіндігіне қызмет еткен қайраткер тұлғалар болса, Қарқабат, Абақ, Қызай т.б. аналар рулы елдің ұранына айналып (Е.Мүсірепов), сол рудың атына негіз болды.

Ру-тайпа бірлігін, ел тұтастығын сақтаған Баршын атымен Сыр бойындағы қала Барышкент (Қыз қала) деп аталған; Сарысу бойында Болған ана, Белең ана, Жұбан аналарға күмбез орнатылған (Ә.Марғұлан).

Дәстүрлі дала мәдениетінде әскер басқару, қол жию, майданда қан төгу қазақ қыздарына қалыпты жағдай болған. Мысалы, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа Кенесарының қарындасы Сәмеке ханның жары Бопай өзінің алты ұлын ертіп барып қосылады. Оның қозғалыс кезінде 600 адамдық жасақты басқарып, Аман-қарағай дуанына шабуыл жасағаны белгілі. Азамат соғысында Айғыз Көшкімбайқызы Аякөз шебінде соғысып, Колчак әскері қолынан қаза табады.

Сондай-ақ, ақылды әйелдердің тоқтамды сөзіне ерлер тоқтаған. «Айман-Шолпан» оқиғасында Айманның ғашығы Әлібектің Көтібардың елін шауып, араз болғандығы аян. Кейін Айманның: «Екеуің екі елдің батырысыңдар, ер шекіспей бекіспейді, бір-біріңе шаққан малдарыңды қайтарып, енді дос болың-дар», - деген сөзіне тоқтап, Көтібар Айманды Әлібекке өз қызындай ұзатып салып, той жасап береді. Байырғы қазақ қоғамында қазақ әйелінің әлеуметтік еркіндігі де болды. Қазақ әйелдері ұзын жең, кең етекті көйлек киіп денелерін жасырғанымен, бет-жүзін ашық ұстаған [18].

Қорытынды

Түйіндей келе, әйел затының табиғаты, тарихи-әлеуметтік орны туралы тарихи

теорияларды екі топқа жіктеуге болады. Біріншісі – әйелдің кемелсіздігін табиғи құбылыс деп танып, әйел статусының әлеуметтік рөлмен байланыстылығын елемей, әйел затының ерлерге бағынуын мызғымайтын табиғи құбылыс, әйел – отбасы, ошақ қасылық қолжаулық қана, деген түсініктер. Бұл – Аристотельдік пайым. Әйгілі эрудит, антикалық энциклопедист Аристотельдің әйел теңдігі туралы мәселеде қарапайым патриархалды ұстанғаны нағыз парадокс [19]. Керісінше, 80 жыл өмір сүрсе де ешқашан некеде болмаған идеалист Платон гендерлік теңдік мәселесінде үлкен секіріс жасады. Жеке меншіктің жауы болған Платон, адамзат иеленген жалғыз жеке сүйіспеншілік ұяшығы - «отбасыны» да жалпы институтқа айналдыруға тырысқаны белгілі. Ол махаббатқа негізделген отбасыны - тиімді де мінсіз мемлекет құру жолындағы қоғамдық меншікпен біріктіруге ұмтылды. Әрі, өз теориясында ер мен әйелдің өзара сүйіспеншілігі - некенің ең берік байланысы екені туралы маңызды ой түйіндеді. Және әйел азаттығы мәселесінде әйелдің эмансипациясының маңызды шарттарының бірі әлеуметтік жағдай екендігі туралы мәнді қорытынды жасады. Платонның неке мүмкіндігі материалдық қажеттіліктен емес, коммерциялық есептен емес, өзара сүйіспеншіліктен туатын жүйе екендігі туралы пікірі гендерлік теңдік идеясының алғашқы бастауы болды. Яғни, Платонның әйел табиғаты туралы түсіндірмесі - феминизмнен бірнеше ғасыр бұрын пайда болған және іргелі негізделген алғашқы феминистік теория деп тұжырымдауға болады. [20].

Ал «Платон менің досым, алайда ақиқат - қымбат» деп ұрандатқан білімпаз Аристотель әйел теңдігі мәселесінде патриархалды түсінікті жақтады. Әйелдердің ер адамға бағы-нышты жағдайын әлеуметтік теңсіздік деп емес, қалыпты жағдай ретінде қабылдады. Антикалық ойшылдардың, әсіресе Аристотельдің әйелге деген көзқарасы кейінірек Ортағасырлық діни философияның әйел заты - жетілмеген тіршілік иесі, демек, нәпсінің объектісі ғана бола алады, деген дәстүрлі пікіріне негіз болды. Күнәһар және жетілмеген әйел табиғатын ақтау схемалары әйелдерді Ортағасырлық

Батыстың әлеуметтік тәртібіне қосудың теориялық негіздемесі болды [21].

Платонның әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік идеясы туралы дәлелі және оның утопиялық мінсіз мемлекетіндегі әйелдерді ерлермен тең ету жобасы түсіндірілді. Аристотельдің таптық және гендерлік құлдықтың идеялық негіздемесі талданды.

Ежелгі Қазақстандағы және Азия аумағындағы әйел статусы, Спартадағыдай, қоғамдық құрылымның, әлеуметтік тәртіптердің демократиялық сипатымен, наным-сенім культі мен тауар-ақша қатынастарының дамымағандығымен, меншік түрлерімен және сыртқы шабуылдардың қауіп-қатері жағдайында жоғары шоғырлануды талап ететін әскери тұрмыс-жағдайларға байланысты айқындалды.

Ежелгі дүниеде үй құлының деңгейінде болған әйел жағдайы туралы мәселенің біртіндеп әйел эмансипациясына қарай бет алуы – адамзат мәдениетіндегі гендерлік ұғым аясының ауқымдылығы мен тарихи диалектикалық үдерісін бейнелейді. Адами эволюция өркендеген сайын әлемдік руханият пен ғылым нағыз ақиқатқа жақындау мүмкіндігі ұлғаяды. Ал қоғам тарихындағы әйел рөлі туралы лайықты пікір қалыптасуының өлшемдерін анықтау дағдарысты жағдайларда дұрыс бағыт-бағдар жасауға бейімдейді. Әйелдер мен ерлердің орнын анықтау ғана емес, әйелдер қауымының саяси, экономикалық, әлеуметтік үдерістерге қатысын, қоғамдық белсенділігін анықтау мен жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттауда жаңылмау аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Женщины в древних Афинах // [Электронды ресурс] URL: <https://ru.wikipedia.org> (Қаралған күні: 03.10.2023)

2 Энгельс Ф. Происхождение семьи, частной собственности и государства. - М.: Гос. изд-во полит. лит-ры, 1961. - Т. 21. - С. 34-85.

3 Положение женщин и детей в Древней Греции // [Электронды ресурс] URL: <https://dzen.ru/a/Y-KXbxO-WTSGkugv> (Қаралған күні: 02.10.2023)

4 Гинекей // [Электронды ресурс] URL: <https://ru.wikipedia.org> (Қаралған күні: 07.10.2023)

5 Лиht Г. Сексуальная жизнь в Древней Греции. — М.: КРОН-пресс, 1995. - 400 с.

6 Гетеры. Сексуальная жизнь в Древней Греции // [Электронды ресурс] URL: <https://history.wikireading.ru> (Қаралған күні: 1.10.2023)

7 Платон. Законы. - М.: Мысль, 1994. - 830 с.

8 Абдрасилова Г.З. Философия: Тарихи-теориялық дискурс. - Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2018. – 358 с.

9 Хитрук Е.Б. «Женский вопрос» в философии Платона // *Идеи и идеалы*. – 2016. – №2. - Ч.1. - С. 40-52.

10 Аристотель. Политика. – Т. 4. – М.: Мысль, 1983. – С. 376-644.

11 Аристотель. О возникновении животных. – Москва: Издательство Юрайт, 2021. – 203 с.

12 Платон. Федон. Пир. Федр. Парменид: пер. с древнегреч. – М.: Мысль, 1999. – 528 с.

13 Лосев А.Ф., Тахо-Годи А.А. Платон. Аристотель. – М.: Молодая гвардия, 2005. - 391 с.

14 «История» от Геродота, параллельно на английском/греческом // [Электронды ресурс] URL: <https://www.sacred-texts.com> (Қаралған күні: 07.10.2023)

15 David W. Anthony. The Horse, the Wheel, and Language: How Bronze-Age Riders from the Eurasian Steppes Shaped the Modern World. – Princeton University Press, 2007. – 558 s.

16 Дюпарк Э. Воительницы: О самых прекрасных и самых бесстрашных. – Москва: Эксмо, 2007. – 318 с.

17 Иоанн де Плано Карпини. История монголов. – М.: ИДВ РАН, 2022. – 383 с.

18 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі // Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.

19 Жеребкин С. Гендерная проблематика в философии. – Ч.1. – Харьков: ХЦГИ; СПб.: Алетейя, 2001. – С. 390-426.

20 Okin S.M. Philosopher Queen and Private Wives: Plato on Women and the Famile // *Philosophy and Public Affairs*. – 1977. – № 6 (4). – P. 345-369.

21 Мархинин В.В. Античная Греция: идея гендерного равенства // *Философская мысль*. – 2016. – №7. – С. 23-48.

Transliteration

1 Zhenshhiny v drevnih Afinah [Women in ancient Athens] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://ru.wikipedia.org> (Qaralghan kuni: 03.10.2023). (in Russ)

2 Jengel's F. Proishozhdenie sem'i, chastnoj sobstvennosti i gosudarstva [Origin of the family, private property and the state]. – М.: Gos. izd-vo polit. lit-ry, 1961. – Т. 21. – С. 34-85. (in Russ)

3 Polozhenie zhenshhin i detej v Drevnej Grecii [The situation of women and children in ancient Greece] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://dzen.ru/a/Y-KXbxO-WTSGkugv> (Qaralghan kuni: 02.10.2023). (in Russ)

4 Ginekej [Gynekey] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://ru.wikipedia.org> (Qaralghan kuni: 07.10.2023). (in Russ)

5 Liht G. Seksual'naja zhizn' v Drevnej Grecii [Sex

life in Ancient Greece]. – M.: KRON-press, 1995. – 400 s. (in Russ)

6 Getery. Seksual'naja zhizn' v Drevnej Grecii [Getters. Sex life in Ancient Greece] // [Jelektrondy resurs] URL: [https:// history.wikireading.ru](https://history.wikireading.ru) (Qaralghan kuni: 1.10.2023). (in Russ)

7 Platon. Zakony [Plato. Laws] // Sobranie sochinenij v 4 t. – T. 4. – M.: Mysl', 1994. – 830 s. (in Russ)

8 Abdrasilova G.Z. Filosofija: Tarihi-teorijalyq diskurs [Philosophy: Historical and theoretical discourse]. – Almaty: al-Farabi at. QazUU, 2018. – 358 s. (in Kaz)

9 Hitruk E.B. «Zhenskij vopros» v filosofii Platona [«Women's question" in Plato's philosophy»] // *Idei i idealy*. – 2016. – №2. – Ch.1. – S. 40-52. (in Russ)

10 Aristotel'. Politika [Aristotle. Politics]. – T. 4. – M.: Mysl', 1983. – S. 376-644. (in Russ)

11 Aristotel'. O voznikovenii zhivotnyh [Aristotle. The emergence of animals]. – Moskva : Izdatel'stvo Jurajt, 2021. – 203 s. (in Russ)

12 Platon. Fedon. Pir. Fedr. Parmenid [Plato. Phaedo. Pir. Phaedrus. Parmenides]. – M.: Mysl', 1999. – 528 s. (in Russ)

13 Losev A.F., Taho-Godi A.A. Platon. Aristotel' [Plato. Aristotle]. – M.: Molodaja gvardija, 2005. – 391 s. (in Russ)

14 "Istorija" ot Gerodota, parallel'no na anglijskom/grechskom ["History" by Herodotus,

parallel to English/Greek] // [Jelektrondy resurs] URL: [https:// www.sacred-texts.com](https://www.sacred-texts.com) (Qaralghan kuni: 07.10.2023). (in Russ)

15 David W. Anthony. The Horse, the Wheel, and Language: How Bronze-Age Riders from the Eurasian Steppes Shaped the Modern World. – Princeton University Press, 2007. – 558 s.

16 Djupark Je. Voitelnicy: O samyh prekrasnyh i samyh besstrashnyh [Warriors: Oh the most beautiful and the most fearless]. – Moskva: Jeksmo, 2007. – 318 s. (in Russ)

17 Ioann de Plano Karpini. Istorija mongolov [History of the Mongols]. – M.: IDV RAN, 2022. – 383 s.

18 Qazaqtyn jetnografijalyq kategorijalar, ugymdar men ataularynyn dastyrlı zhyjesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names] // Jenciklopedija. – Almaty: DPS, 2011. (in Kaz)

19 Zherebkin S. Gendernaja problematika v filosofii [Gender problems in philosophy] // Vvedenie v gendernye issledovanija. – Ch.1. – Har'kov: HCG; SPb.: Aletejja, 2001. – S. 390-426. (in Russ)

20 Okin S. M. Philosopher Queen and Private Wives: Plato on Women and the Famile // *Philosophy and Public Affairs*. – 1977. – № 6 (4). – P. 345-369.

21. Marhinin V.V. Antichnaja Grecija: ideja gendernogo ravenstva [Ancient Greece: the idea of gender equality] // *Filosofskaja mysl'*. – 2016. – № 7. – S. 23-48. (in Russ)

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Гауһар Зұлпықарқызы Абдрасилова* аға оқытушы, философия ғылымдарының кандидаты, Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан, email: gauhar_abdrasilova@mail.ru
- Сания Жакеновна Едильбаева* доцент, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: edelsann@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-9186-2751
- Меирхан Жантайұлы Спанов* аға оқытушы, доцент, философия ғылымдарының кандидаты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент Қазақстан, email: meir_filosof27@mail.ru
- Гаухар Зулпықаровна Абдрасилова* старший преподаватель, кандидат философских наук, Университет Мирас, Шымкент, Казахстан, email: gauhar_abdrasilova@mail.ru
- Сания Жакеновна Едильбаева* доцент, доктор философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: edelsann@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-9186-2751
- Меирхан Жантаевич Спанов* старший преподаватель, доцент, кандидат философских наук, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова, Шымкент, Қазақстан, email: meir_filosof27@mail.ru
- Gauhar Zulpykarovna Abdrasilova* Senior Lecturer, Candidate of Philosophical Sciences, Miras University, Shymkent, Kazakhstan, email: gauhar_abdrasilova@mail.ru
- Saniya Edelbay* Associate Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: edelsann@gmail.com, ORCID ID 0000-0002-9186-2751
- Meirkhan Zhantaevich Spanov* Senior Lecturer, Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, South Kazakhstan State University named after. M. Auevov, Shymkent, Kazakhstan, email: meir_filosof27@mail.ru